SEMEY MEDICAL UNIVERSITY
1952
SMU

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

15–16 қазан 2026 жылы «Семей медицина университеті» КеАҚ III халықаралық Med-Конгресс «Адам және денсаулық: тәуелсіз Қазақстандағы медицинаның 35 жылдық дамуы» тақырыбында өтеді.

Конгресстің мақсаты — заманауи медицина мен денсаулық сақтау саласындағы ғылыми білім, тәжірибе және озық жетістіктермен алмасуға арналған халықаралық алаң құру, отандық медицинаның даму тарихын, қазіргі егемен Қазақстандағы медициналық прогрестің жетістіктерін және оның одан әрі даму перспективаларын зерделеу. Конгресс ғылыми және клиникалық қауымдастықты біріктіріп, өзекті мәселелерді, инновациялық тәсілдерді талқылауға және медицина мен денсаулық сақтаудың болашағына ортақ көзқарас қалыптастыруға бағытталған.

Қатысушылар: Қазақстан Республикасынан, жақын және алыс шетелдерден жас ғалымдар, PhD докторанттары, резиденттер, профессорлар, жетекші ғалымдар, дәрігер-клиницистер және профессор-оқытушылар құрамы (ПОҚ). Қатысушылар баяндама жасау, постерлік жұмыстар ұсыну, ғылыми секцияларға, пікірталастарға және кәсіби тәжірибе алмасуға қатысады.

Конгресстің ашылуы 2026 жылғы 15 қазанда сағат 09:00-де Семей қаласы, Абай көшесі, 103 мекенжайында, «Семей медицина университеті» КеАҚ бас корпусында, 2-қабаттағы акт залында өтеді.

Секциялық отырыстар жұмыс бағыттары бойынша екі күн бойы өткізіледі: 15 қазанда сағат 14:00-де және 16 қазанда сағат 09:00-де басталады.

Конференцияға қатысу үшін сілтеме бойынша тіркеу арқылы өтінім беру қажет:
https://smu.edu.kz/ru/nauka/nauchnye-konferencii-i-meropriyatiya/registraciya-na-konferenciyu/

Байланыс деректері:
Конференцияға қатысу және жариялау сұрақтары бойынша
Ғылыми-зерттеу бөлімі:
ҒЗБ-ның басшысы
Нурахимов Нуржан Нуртасович: 87711799951

КОНГРЕСС СЕКЦИЯЛАРЫ

1. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА
2. КЛИНИКАЛЫҚ МЕДИЦИНА: ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕР
3. ЗАМАНАУИ ХИРУРГИЯ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ШЕШІМДЕР
4. АНА МЕН БАЛА МЕДИЦИНАСЫ: ҰРПАҚТАР ДЕНСАУЛЫҒЫ
5. ҒЫЛЫМДАҒЫ ЖАС ҒАЛЫМДАР: ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАР
6. ПОСТЕРЛІК СЕССИЯ: ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕЛЕРІ

ҚАТЫСУ НЫСАНДАРЫ:

- Баяндамамен және тезисті жариялаумен қатысу (ұзақтығы - 10 минуттан аспайды);
- Баяндамамен қатысу (ұзақтығы-10 минуттан аспайды);
- Тезистерді жариялау (баяндамамен қатыспай)
- Постерлік баяндамамен қатысу

Тезистер мен баяндамалар электрондық форматта **2026 жылғы 4 қазанды қоса алғандағы мерзімге дейін қабылданады!**
2026 жылғы 5 қазанда конференцияға тіркеу **тоқтатылады!**
Көрсетілген мерзімдерді қатаң сақтауларыңызды сұраймыз!

Тұру, тамақтану және жол жүру шығындары – жіберуші тараптың есебінен.

БАЯНДАМАҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

1. Баяндаманың тақырыбы мен мазмұны секция бағытына сәйкес болуы тиіс.
2. Баяндама мәтіні MS Word бағдарламасында, PowerPoint бағдарламасында болуы тиіс.
3. Баяндама презентацияны көрсетумен бірге жүруі керек. (PowerPoint).
4. Баяндаманың ұзақтығы 7 минуттан аспауы керек (шамамен 10-12 слайд), талқылау – 3 минут.
5. Баяндамашы конференцияға бір күн қалғанда конференция секциясының модераторларына презентацияда (PowerPoint) баяндаманы міндетті түрде ұсынады.
6. Ноутбуктердің әртүрлі бағдарламалық жасақтамасына байланысты презентацияларыңызды екі кеңейтімде сақтауды сұраймыз *.ppt және*.pptx
7. **Презентацияға қойылатын талаптар:** презентация жалпы қабылданған ережелерге сәйкес жасалуы керек (ашық слайд +қара әріптер).

Бірінші слайдта: ЖОО-ның атауы, бұдан әрі-кафедраның атауы, жұмыстың атауы; баяндамашының Толық аты; ғылыми жетекшінің аты; қала және жыл және т. б. (Шрифт Times New Roman)

8. Ұйымдастыру комитеті баяндамаларды іріктеу құқығын өзіне қалдырады.
9. Жұмыстың мазмұнына жұмыстың авторлары жауап береді.
10. **Тіркеу кезінде *.ZIP немесе *.RAR форматтарында мұрағатталған дайын баяндаманы жүктеу қажет.**

ПОСТЕРЛІК БАЯНДАМАҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

1. Постерді ресімдеу тілі қазақ, орыс немесе ағылшын.
2. Стендтік баяндамаларды ресімдеудің келесі тәртібі ұсынылады:
   - тақырып, жұмыс атауы;
   - өзектілігі;
   - зерттеу материалдары мен әдістері;
   - нәтижелер;
   - қорытындылар.
3. Постерлік баяндаманы тік презентация форматында, *.PPT немесе *.PPTX кеңейтімдерінде сақтауды сұраймыз
4. **Тіркелу кезінде *.ZIP немесе *.RAR форматтарында мұрағатталған дайын постерлік баяндаманы жүктеу қажет.**

Постерлік баяндамаға арналған үлгі төменде ұсынылған.

ҚОРЫТЫНДЫ:

БАЙЛАНЫС:

Название доклада

ВВЕДЕНИЕ:

МАТЕРИАЛЫ И МЕТОДЫ:

РЕЗУЛЬТАТЫ:

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Контакты:
E-mail:
Сот. телефон:

Тезистерге қойылатын талаптар:

1. Стилистикалық және орфографиялық тұрғыдан тексерілген тезистер қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады. Мәтін MS Word бағдарламасында терілуі тиіс, қаріп: Times New Roman (12 кегль), жоларалық интервал – дара, парақтың барлық жағынан 2,5 см жиекпен, 2 беттен артық емес (А4 парағының форматы).
2. Тезис тақырыбы келесідей рәсімделеді:
   бірінші жол-ӘОЖ, **(ӘОЖ болуы міндетті)**
   екінші жол-бас әріптермен және қою шрифтпен, қысқартусыз үш жолдан аспайтын жұмыс атауы, елі қалың шрифтпен.
   үшінші жол-қалың қаріппен автор(лар) дың аты-жөні, тегі, елі қалың шрифтпен.
   төртінші жол-білім деңгейі, оқу курсы, мамандығы, елі қалың шрифтпен.
   Бесінші жол - ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, ғылыми жетекшінің аты-жөні, елі қалың шрифтпен.
   алтыншы жол-мекеменің толық атауы, қаласы, елі қалың шрифтпен.
3. Қысқартуға жол берілмейді.
4. Парақтың ортасындағы алғашқы үш жолды туралау. Әрі қарай, **бос орыннан кейін** тезис мәтіні.
5. Тезис мәтінін ені бойынша туралау.
   "Қызыл" жолдың шегінісі 1 см.
6. **!!! Талаптарға сәйкес келмейтін тезистер қабылданбайды.**
7. Тезистер конференция материалдарының арнайы жинағында жарияланады. Жинақтың электрондық нұсқасы университет сайтында "Ғылым" - "ғылыми конференциялар мен іс-шаралар" бөлімінде сілтеме бойынша еркін қол жетімді болады:
   https://smu.edu.kz/ru/nauka/nauchnye-konferencii-i-meropriyatiya/

УДК міндетті түрде болуы
Тезисті рәсімдеу үлгісі:

<u>Бірінші автордың фамилиясымен файл аталуы жазылады</u>:
Егер бірнеше тезис жіберсеңіз «Аты-жөні1», «Аты-жөні 2» (мысалы, Абаев Г.П.1, Абаев Г.П.2).

Тезистер келесі бөлімдерден тұруы керек:

- Өзектілігі
- Жұмыс мақсаты
- Зерттеу материалдары мен әдістері
- Зерттеу нәтижелері
- Қорытынды

ӘОЖ:

РАДИАЦИАЛЫҚ ӘСЕРГЕ ҰШЫРАҒАН АДАМДАРДЫҢ ИММУНДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Абаев Иван Петрович, Бакалавриат, 2 курс, Жалпы медицина, электрондық пошта.
Ғылыми жетекші: д.м.н., проф. Шарманов А.Г.
Кафедра атауы _____
«Семей медицина университеті» ҚеАҚ, Семей қаласы, Қазақстан Республикасы

Өзектілігі: тезис мәтіні
Жұмыстың мақсаты: тезис мәтіні
Зерттеу материалдары мен әдістері: тезис мәтіні
Зерттеу нәтижелері: тезис мәтіні
Қорытынды: тезис мәтіні